

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың жастар ғылыми Кеңесінің ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ғылым мен техниканың даму, республиканың ғылыми әлеуетінің дамуына жас ғалымдарды тартуда олардың проблемаларын шешудің тиімділігін арттыру мақсатында ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарында жас ғалымдар кеңесі бар.

2. Жас ғалым санатына 35 жасқа дейінгі ғылыми қызметкерлер, машықтанушы-зерттеушілер, магистранттар мен докторанттар, ғылыми қызметпен айналысатын жоғары оқу орындарының оқытушылары жатады.

3. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ жас ғалымдар Кеңесі жүйесінің негізгі буыны болып табылады.

4. Кеңес жоғары оқу орнының ғылыми ұйымдастыру жетекшілігімен қоғамдық орган болып табылады.

5. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дағы Кеңестің құрылуына және оның барлық қызметіне жетекші жауапты болады.

6. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Жас ғалымдардың кәсіби өсуіне, оның қолданбалы зерттеулеріне белсенді қатысуға көмек көрсету;

2) Жас ғалымдардың ғылыми кеңесте және ұйым жетекшілігінде, сонымен қатар мемлекеттік органдарда және қоғамдық ұйымдарда құқықтарын қорғау, жас ғалымдардың әртүрлі аспектілерде кәсіби қызметкерінде және өмірдегі әлеуметтік-тұрмыстық шарттары жайлы пікірлерін жеткізу;

3) шаруашылық есеп негізінде жастардың ғылыми-инновациялық, сонымен қатар басқа түрдегі ғылыми-зерттеу қызметі орталықтарының құрылуына ынтагерлік білдіру;

4) Көкейкесті ғылыми мәселелерді және басты ғылыми міндеттерді шешуде жас ғалымдардың күштерін біріктіру;

5) Жас ғалымдардың арнайы әзірлеген шаралар жүйесі арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру;

6) Жас ғалымдардың зерттеу жобаларына, ғылыми гранттарға, конкурстарға, бағдарламаларға қатысуын жетілдіру;

7) Кеңестердің басқа ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарымен тікелей байланыс орнату және кеңейту.

2. Кеңестің қызметі.

7. Кеңес келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) конференциялар, семинарлар мен жас ғалымдардың кездесулерін, алғы ғалымдардың дәрістерін ұйымдастыру;

2) Қазақстан Республикасы негізінде қорлар, гранттар, конференциялар, жарыстар және басқа шаралар туралы жас ғалымдарды ақпаратпен қамтамасыз етудің ұйымы, жақын және алыс шетел елдері Қазақстан

Республикасында жас ғылыми кадрлардың мемлекеттік қолдауы өлшемдері туралы ұйымдастыру;

3) жас ғалымдарға гранттық қолдау көрсететін отандық және шетел қорлары мен бағдарламалар туралы ақпараттарды жинақтау және жүйелеу;

4) жас ғалымдардың жариялауларына мүмкіндік туғызу, әдістемелік, ұйымдастыру және материалдық қолдау көрсету;

5) Қазақстан жас ғалымдарының шет елдердегі жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен біріге отырып ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастыру;

6) жастар ұжымдарын өте жаңа және қымбат бағалы жабдықты қолдануға, оны қазіргі жаңа әдістермен үйрететін ұйымдарға баруға жәрдемдесу;

7) шет елдерге шыққан жас ғалымдардың мәліметтерін оңтайлы жасау. Олармен бірлесе жұмыстар өткізу мақсатында тікелей байланыс орнату, Қазақстанда жұмыс істеуге шақыру;

8) ғылыми ұйымдарда және жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін жастарға тұрғын-үй және басқа әлеуметтік мәселелердің шешімін іздестіру;

9) спорт және мәдени іс-шараларды әзірлеу және өткізу.

3. Кеңестің құқығы

8. Өз қызметін ұйымдастыруда Кеңес құқылы:

1) кеңес жас ғалымдардың ғылыми қызметінің заттық-техникалық қамтамасыздығын жақсартуда жұмысқа қатысты барлық сұрақтар бойынша ұсыныстар дайындау;

2) ғылыми жастар мәселелеріне қатысты құжаттар және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, сараптамада қатысу;

3) жекелей жас ғалымдарды қол жеткізген жетістіктері үшін қолдау және мадақтау туралы ұсыныс енгізу;

4) ғылыми мәслихаттар, семинарлар, симпозиумдар және басқа шараларға қатысу үшін жас ғалымдардың кандидатурасын ұсыну;

5) жас ғалымдардың қатысуымен спорт және мәдени іс-шараларын ұйымдастыру.

4. Кеңестің белсенділігін ұйымдастыру қағидаттары

9. Кеңес Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың жас ғалымдарынан тұрады, олар өз еріктерімен қатысады. Төраға кеңестің белсенділігін ұйымдастырады және университеттің жас ғалымдарының қызығушылығын оятады.

10. Кеңестің төрағасы сайлау кезінде 35 жасқа толмаған ғылыми қызметкерлердің ішінен ашық немесе жабық дауыс берумен үш жылға дейін тағайындалады.

11. Кеңестің төрағасы университеттің ғылыми кеңесіне сәйкес кіреді.

12. Кеңес жұмысты жылдық жоспардың негізінде жүзеге асырады. Кеңес жылдық нәтиже бойынша есеп дайындайды және оны Кеңестің жалпы жиналысында, университеттің ғылыми кеңесінде мәлімдейді.